

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМ АППАРАТЫНЫҢ
«ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ» АРНАЙЫ КАФЕДРАСЫ

**ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ «ЕЛ
БІРЛІГІ» ДОКТРИНАСЫ**

Баспаға жіберілді: 06.10.2015 ж.

Көлемі: 1/75 баспа табақ

Офсеттік қағаз

«АЗИАТ» баспа үйі

Шымкент қаласы, Ғ. Иляев көшесі 18 үй, 110 кеңсе

«Талас» ЖК

Шымкент - 2015 ж.

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының
«Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің «Қазақстан халқы ассамблеясы» арнайы кафедрасы**

**ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ «ЕЛ БІРЛІГІ» ДОКТРИНАСЫ,
Маймақов Ғаппар, Байқонақов Ербол
Шымкент, 2015, 28 бет**

Мазмұны

КІРІСПЕ	3
I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЭТНО- САРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ	4
II. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ АССАМБЛЕЯСЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ.....	7
III. ЕЛ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ...	15
ҚОРЫТЫНДЫ	26

«АЗИАТ» баспа үйі, Шымкент қаласы

Орыстар арасындағы ұлтшілік неке 70 пайызға жуық. Қалған халықтардың 70-90 пайызға жуығы өзге ұлт өкілдерімен некеге тұрған. Ұлтаралық некелер қоғамды топтастыруға негіз жасайды деуге болады. Бір отбасында әртүрлі ұлт өкілдері болғанымен олардың мүдделері ортақ, бірліктері басым болып келеді. Мұның өзін Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен келісімнің нәтижесі деуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көпэтносты Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығы конституциялық-құқықтық немесе заңдық тұрғыдан жан-жақты реттелген деуге болады. Осы еңбекте біз Конституцияның этносаралық бірлік пен татулықты реттейтін нормаларын атап өттік. Бұл нормалар этносаралық қатынастарды жалпы тұрғыдан реттейді. Конституциялық нормалардың ең жоғарғы заң күші бар. Конституциялық нормалар тікелей қолданылады. Конституциялық нормалардан этносаралық қатынастарды тікелей және жан-жақты реттейтін заңдар, ережелер т.б. құқықтық актілер туындайды.

Этносаралық қатынастарды тікелей реттейтін акті «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы N 70 Заңы болып табылады. Еңбекте біз бұл заңды да жан-жақты талқылауға тырыстық. Қазіргі кезде Қазақстандағы этносаралық қатынастарды негізінен осы заң реттеп отыр. Заң негізінде мемлекеттік этносаралық саясат жүргізілуде. Заңға сәйкес этносаралық қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар құрылған. Олардың негізгісі Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы, республикалық қала-Алматы және Астананың, еліміздің 14 облысындағы облыстық Ассамблеялардың хатшылығы болып табылады. Сондай-ақ, Елбасы шетелдердегі ұлтаралық қатынастардағы шиеленістерден және еліміздегі кейбір этносаралық түсінбеушіліктерден қорытынды шығарып Қазақстан халқы Ассамблеясын және облыстар Ассамблеялар жаңынан «Қоғамдық келісім» атты мемлекеттік коммуналдық мекемелерін құруға тапсырма берді және олар құрылды.

Еліміздегі этносаралық қатынастарды саяси ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету, бірлік пен татулықты үнемі сақтап отыру мақсатында Елбасы «Ел бірлігі» доктринасын қабылдады. Бұл доктрина қазіргі кезде этносаралық саясатты қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын анықтап берген құжат болып табылады.

Біздің еліміздің тарихында 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы жаңа Қазақстанның іргетасын қалаған құжат ретінде бағаланатыны даусыз. Конституция мемлекеттік құрудың алғашқы кезеңдеріндегі тарихи қиын сәттерден сабақ ала отырып, жаңа мемлекет құру үшін, күрделі өзгерістерге бел шешіп кіріскен саяси басшылықтың тікелей бастамасымен бүкілхалықтық референдумда қабылданған болатын.

Еліміздің Конституциясы Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруға қызмет атқарып келеді. Конституция елімізде қоғамдық келісімді қамтамасыз етіп, оның саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани салаларда қарыштап дамуына негіз болып отыр. Бұл туралы Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстанда реформаны жүргізудің аса қуатты серпіні болғанын мен мақтанышпен айта аламын. Көп жағдайда, оның ережелерінің арқасында, аздаған мерзімдердің ішінде ғана жас мемлекеттің экономикасы мен саясатында ұлтаралық тұрақтылық та аса үлкен жағымды нәтижеге жеттік» деп жазды.

Қазіргі заманғы саяси теорияда Конституция институты – қоғам мен мемлекеттің негізгі актісі ретінде оның өмір сүруі мен дамуының стратегиялық тұжырымдамасы бекітілген жалпы ұлттық әмбебап құрал деп танылады. Дамыған өркениетті қоғамдардағы Конституция – мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында тікелей қолданылатын әрі құқықтық әлеуеті зор құжат.

Соңғы кезеңдерде, көптеген мемлекеттерде Конституциялардың әлеуметтік қатынастарды, оның ішінде этникалық қатынастарды реттеудегі маңызының артып келе жатқандығын байқауға болады, мұндай үрдісті әсіресе хх-ғасырдың 90 жылдары қабылданған көп этникалық елдердің (атап айтқанда Бельгия, Босния және Герцеговина, Латвия, Литва, Румыния, Словакия, Словения, Эстония, т.б.) конституцияларынан анық көре аламыз. Талдау көрсеткендей, әдетте конституцияларда алдымен, қоғамның ұлттық бірлік сипаты айқындалып, жеке тұлғаның мәртебесі, оның ішінде этникалық ерекшеліктеріне қатысты адам құқықтары мен бостандықтары бекітіледі және мемлекеттегі этникалық қатынастардың реттелуінің негізгі ережелері мен шегі белгіле-

неді. Тиісінше, көп этникалық қоғам конституциялары қоғамның этникалық тұрғыдағы тұрақтылығын қамтамасыз етуші нақты ережелерге ие.

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясында еліміздің көп этникалық құрамынан туындайтын ұлттаралық қарым-қатынасты реттеуге және ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған нақты нормалар бекітілген болатын. Бұл нормалар ұлттық саясатты жүргізуде бүгінгідей нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етті.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне талдау жасай отырып, ондағы этникалық тұрақтылықты қалыптастыруға және ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған нормаларға баға беру үшін оларды мазмұндық сипаты бойынша төмендегідей талдап қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясындағы қоғамның ұлттық бірлік сипатын айқындаушы ережелер еліміздегі барлық этникалық топтарды біртұтас «Қазақстан халқы» деп саяси-құқықтық баға беріп, ұлттық бірліктің негізін бекітеді.

Бірқатар ғалымдарымыз, 1993 жылғы Конституцияның дағдарысқа ұшырауының бір себебі ретінде осы құжатта белгіленген ұлттық бірлік идеясының Қазақстан халқының ортақ саяси-ұлттық біртұтастығын қамтамасыз етуге қауқарсыз болуынан деп пайымдайды. Шын мәнінде түрлі этникалық, мәдени ерекшеліктерден тұратын қоғамның бір бөлігінің өзін жат сезінуіне алып келетін идея ешқашан да ол қоғамдағы бірліктің бастауы бола алмайды. Тек тең және ерікті негіздегі қоғамдық келісім жолымен жақындасуға, бірлесуге арқа сүйейтін конституциялық идея ғана этникалық, мәдени ерекшеліктеріне қарамастан, бірін-бірі жатсынбас біртұтас азаматтық қоғамның қалыптасуына, ұлттық бірлікке жол ашады.

Өз кезегінде Конституциялық реформаларды талап еткен осы мәселе жаңа конституцияны қабылдауда сабақ боларлық сәттердің бірі болатын. Конституция преамбуласындағы «біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып өзімізді ... татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық

лықтарында 10 тілді (қазақ, орыс, ағылшын, неміс, испан, араб, түрік, қытай, кәріс тілдерін) оқытады.

Облыстағы тұрғындардың этникалық құрамы 100-ден астам этностан құралған. Соның ішінде – халықтың 70%-дан астамын қазақтар, ал ары саны бойынша өзбектер, орыстар, тәжіктер, әзірбайжандар, түріктер, татарлар, кәрістер, күрдтер, украиндар және басқа да этностар құрайды.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы этностар мен этносаралық қатынастардағы некелердің мәліметіне тоқтала кетейік. 2011 жылғы қазақ ерлері арасында барлығы 16 552 неке жасалса оның 432 өзге ұлт өкілдерімен тұрды. Бұл көрсеткіш 2,5 пайызды құрады. Қазақ әйелдері 16 957 некеге тұрып олардың 425 өзге ұлттарға тұрмысқа шықты. Бұл көрсеткіш 2,5 пайызды құрап отыр. Сонда қазақ ерлері өзге ұлт өкілдерімен қанша некеге тұрса, қазақ әйелдері де сонша өзге ұлт өкілдерімен некеге тұрды.

Орыс ерлері 1044 некеге тұрса 766 өз ұлтымен некеге тұрса, 278 өзге ұлт өкілдерімен некеге тұрды. Бұл көрсеткіш 26,6 пайызды құрады. Орыс әйелдері 1116 некеге тұрса олардың 31,3 пайызы немесе 350-і өзге ұлт өкілдеріне тұрмысқа шықты. Сонда аралас неке орыс ұлтында көбінек орын алып отыр. Олардың әйелдерінің үштен біріне жуығы өзге ұлт өкілдеріне тұрмысқа шыққан.

Украин ерлері 98 неке құрса, олардың 92-сі өзге ұлт өкілдерімен некеге тұрған. Ал украин әйелдерінің 81 некеге тұрса олардың 75 өзге ұлт өкілдеріне тұрмысқа шыққан. Украин ерлерінің 93,8 пайызы, ал әйелдерінің 92,5 пайызы өзге ұлттармен некеге тұрған.

Белорустардың ерлер - 11 неке, әйелдер – 8 түгел өзге ұлттармен некеге тұрған.

Бұдан байқалатын тенденция өзге ұлттармен некеге тұру славян халықтарында басым, соның ішінде Белорустарда 100 пайызды құрап отыр.

Өзбек ерлері 4528 некеге тұрса, өзге ұлттармен 292 үйленген, ал өзбек әйелдері 4574 некеге тұрса солардың 338 өзге ұлттарға тұрмысқа шыққан. Өзбектердің ерлерінің 6,4 пайызы, өзбек әйелдерінің 7,3 пайызы өзге ұлттармен некеге тұрған.

Татарлардың ерлері 161 некеге тұрып оның 117 немесе 72,6 пайызы өзге ұлттарға некеге тұрған болса әйелдері 165 некенің 121 немесе 73,3 пайызы өзге ұлт өкілдерімен некеге тұрған.

Басқа ұлттардың көрсеткіштері де осыған ұқсас болып келеді.

Қорытындылай келгенде қазақтардың ұлтшілік некесі негізінен тұрақты немесе 97,5 пайызды құрап отыр. Одан кейінгі ұлтшілік немесе 93 пайызды құрап отырған тұрақты неке өзбек ұлты арасында.

Ұлттық Рух кез келген елдің бет-бейнесін айқындайды, бағыт-бағдарын нұсқап, дамуына серпін береді.

Біздің Ұлттық Рухымызды көтеру үшін негізгі басымдықтар мыналар: дәстүр мен отансүйгіштік рухы, жаңару рухы, жарыс пен жеңіс рухы.

Ұлттың рухы халықтың өзіндік санасының бір бөлігі болып табылатын мыңдаған жылдық дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке, тілге сүйенеді. Осы тіл, дәстүрлі құндылықтар мен қайталанбас төл мәдениетіміз халыққа жүздеген жылдар бойы демеу болып, оны тарих жолында тарап кетуден сақтап қалды. Бұлар бүгінде де бізді өзгелерден айырып, ерекшелейді. Әрі қайталанбас бір тұтас руханиятымыздың іргетасы болып табылады. Сондықтан да мәдениетті, дәстүр мен тілді жаңғырту мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту - мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі.

Бұл, ең алдымен, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейтуге қатысты. Оны меңгеру әркімнің парызы мен міндеті, жеке бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге атсалысудағы белсенділігін айқындайтын ұмтылысы мен ынталануына айналуы қажет. Бұл - шешуші басымдық, рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы.

Сонымен қатар мемлекет тарапынан Қазақстанда тұрып жатқан барлық этностың мәдени, рухани және тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыруға қамқорлық көрсетілуі тиіс.

Мемлекеттік тілді сөз етелік. Доктринаның негізгі міндеттерінің бірі ретінде «Қазақстан халқының біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілді дамыту» деп көрсетілген.

Қазіргі кезде облыста мемлекеттік тілді оқытудың 15 орталығы жұмыс істейді. Олардың барлығы мемлекеттік мекемелер болып табылып, мемлекеттік тілді оқыту тегін жүргізіледі. Сонымен қатар облыста 35 жекеменшік тіл оқыту орталықтары жұмыс атқарады.

Егер курсты аяқтағандар контингентінің динамикасын қарасақ, онда 2011 жылы – 860 адам, 2012 жылы – 1627 адам, ал 2013 жылы – 3672 адам қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыған. Байқалған оң динамика тіл үйренуге деген облыс тұрғындары қызығушылықтарының өскендігін көрсетеді. Үйренушілердің негізгі бөлігін бюджеттік ұйым қызметкерлері, денсаулық сақтау, білім, қаржы саласының мамандары, өз еркімен келген зейнеткерлер мен кәсіпкерлер құрайды.

Облыста шамамен мемлекеттік тілді меңгерген облыстың ересек тұрғындарының үлесі 2012 жылы – 88,2%-ды, ал 2013 жылы – 88,7%-ды құраған. Өзге этнос өкілдерінің арасында мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі 69%-ды құрайды.

Бұдан басқа, облыстың жоғарғы оқу орындары мен оқу орта-

қоғам деп ұғына отырып ... осы Конституцияны қабылдаймыз» делінген сөздегі конституциялық идея Қазақстан халқын біртұтас мемлекеттің тең құқылы, ерікті азаматтарының саяси қауымдастығы ретінде танып, олардың этникалық, мәдени ерекшеліктеріне қарамастан бір елдің азаматы ретінде сезінуіне, жақындасуына, ұйымдасуына және қоғамдық келісімге әрі бүгінгідей ұлттық бірліктің қалыптасуына жол ашты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында әлем елдері конституцияларының ешбірінде де кездеспейтін ерекше норма бекітілген. Онда қоғам мен мемлекеттің және еліміздің әрбір азаматының қызметінде басшылыққа алынуы тиіс деген тұжырыммен жазылған «Республика қызметінің түбегейлі принциптері» анықталған. Оның қатарында «қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық», «қазақстандық патриотизм» принциптері бар. Осы норманың Конституция жобасын әзірлеу барысында заңгер ғалымдардың мұндай нормалар конституциялық тәжірибеде жоқ екендігін дәлелдеуіне қарамастан Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың жеке бастамасымен енгізілгені мәлім. Бүгінде осы ережелер еліміздегі ұлттық саясаттың басты принциптері болып отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясында:

- мемлекеттік тілдің қазақ тілі болып бекітілуі және мемлекеттің Қазақстанда өмір сүруші өзге де этникалық топтардың тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай жасауға кепілдік беруі. (7-бап);

- «Әркімнің қай ұлтқа ... қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету көрсетпеуге» құқығының (19-бап, 1-тармақ);

-«Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға қарым-қатынас тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға» құқығының танылуы (19-бап, 2-тармақ) еліміздегі этникалық тепе-теңдікке конституциялық кепілі болып табылады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына уақыт сұрақтарына дәл жауап беру үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2007 жылғы осындай өзгерістер нәтижесінде Қазақстан Республикасында этникалық топ өкілдерінің қоғамдық-саяси өмірге тікелей қатысуының негізінде, олардың Парламентте өкілдік етуінің конституциялық негізі қаланып, тәжірибеге енгізілді, елімізде этникалық саясатта тікелей демократия тәсілі пайда болды. Сол жылы өткен Мәжіліс сайлауында алғаш рет 9 депутатты Қазақстан халқы Ассамблеясы Мәжіліске сайлады. Тиісінше, ұлттық саясаттың жетекші әрі ерекше институты Қазақстан халқы Ассамблеясы конституциялық құрылымға

айналып, оның мәртебесін бекіткен заң қабылданды.

Әлемдегі 34 елде Парламенттің төменгі палатасында, ал, 17 елде жоғарғы палатасында ұлтты алшылықтарға (бір орыннан ондаған орындарға дейін) заңнамалық квоталар қарастырылған. Алайда, салыстырмалы талдау көрсеткендей осындай өкілдік беруде электорат ретінде түбінде этносаралық қарым-қатынастың саясилануына алып келетін тұтас халық емес, этникалық жағдайға баға беруге құзіретті Қазақстан халқы Ассамблеясының таңдалып алынуы Қазақстандық үлгінің тиімділігін еселей түседі.

Конституциямыздағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ережелердің маңызды бөлігін ұлттық бірлікті қорғаушы ережелер деп атауға болады. Бұл ережелер сипаты бойынша еліміздегі этникалық татулық пен тұрақтылықтың шырқын бұзатын әрекеттерге тыйым салу мен осындай әрекеттерді айыптаудан тұрады. Атап айтқанда:

- «мақсаты немесе іс әрекеті ... әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктерді құруға тыйым салынады» (5-бап, 3-тармақ);

- «тегіне ... нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына байланысты немесе кез келген өзге де жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» (14-бап, 2-тармақ);

- «нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты ... насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» (20-бап, 3-тармақ);

- «ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» (39-бап, 2-тармақ).

Конституция ережелерінің осы ұлттық бірліктің, қоғамдық келісімнің бұзылмауын қорғайтын ережелеріне баса назар аудару бүгінгі күні аса маңызды екендігіне ерекше тоқталып өткен жөн. Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп отырған этносаясаттың Қазақстандық үлгісі нәтижесінде әлем назарын аударып отырған ерекше ұлтаралық татулық, қоғамдық келісім, бейбіт қоғам қалыптасты. Бұл тиянақты жүргізіліп келе жатқан сапалық ұлттық саясаттың және барлық этникалық топ өкілдерінің қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізілген тарихи итілік. Міне, осындай нәтиженің қандай да болмасын ұлтаралық татулықты бұзатын, этникалық кикілжіңге алып келетін әрекеттерге ұшырамауы жіті назарда болуы тиіс. Біздіңше, бұл салада еліміздегі «уыздай ұйыған» татулық пен келісімді бұзатын әрекеттерді алдын ала анықтап

асырып, жетістіктерге жете алатынын аңғартады. Отан мен қоғамға қызмет етуге бағытталған қабілет пен дарын еркін дамуы тиіс, оған ешқандай кедергі болмайды.

Бұл мемлекет пен қоғамның дамуына қолайлы жағдай туғызады: қабілеті мен мүмкіндігі артқан адамдар саны көбейген сайын ел егемендігі нығайып, қоғамның біртұтастығы артады.

Мемлекет тарапынан барлық адамға бірдей әділетті және тең мүмкіндік жасалады. Меншік еркіндігін дамыту - ел өркендеуі үшін қажетті шарт. Орташа тапты жедел қалыптастырудың экономикалық және құқықтық негіздерін жасау - Қазақстанның бүгінгі мен болашағы үшін өмірлік қажеттілік.

Теңдік қағидаты ауыл мен қала тұрғындарының, сондай-ақ қайта оралған отандастарымыздың өмір сүру дәрежесін теңестіреді, қалаға келушілердің бейімделуі мен урбанизация үдерісін басқаруды реттейді. Ол үшін азаматтар, қоғам және мемлекет жауапкершілікті тең бөлісуі және мынадай қажетті шараларды пәрменді қолдануы қажет:

- этникалық шығу тегіне, нәсіліне, тіліне, діни сеніміне, сондай-ақ қандай да әлеуметтік топқа немесе қоғамдық ұйымдар мен партияларға жататынына қарамастан, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы теңдігін қамтамасыз ету;

- қоғамдағы этносаралық және дінаралық алауыздықтың алдын-алу және жолын кесу;

- этникалық және діни қағидаттар бойынша құрылған саяси ұйымдарға заңмен тыйым салу;

- ұлтаралық қатынас мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жалпы қабылданған әдеп нормалары мен қағидаттарын сақтай отырып шынайы түрде жариялау;

- азаматтық теңдікті жүзеге асыру тетіктерін одан әрі жетілдіру;

- ұлттық бірлікті нығайтатын әлеуметтік негіз ретінде орташа таптың қалыптасуын жеделдету;

- әрбір адамның азаматтық құқығын және барлық азаматтың заң алдындағы бірдей жауапкершілігін сақтау;

- ауылдық жерлерді әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан дамыту, миграция және урбанизация үдерістерін реттеу. Ұлт рухының дамуы» атты үшінші бөлімде халықтың ұлттық рухын қалыптастыру және дамыту мәселелері қарастырылған.

Ел бірлігінің үшінші негізгі қағидаты - біріктіруші және бекітуші бастау ретінде Ұлт Рухын нығайту және дамыту.

Рухани бастау - Ұлтты бір тұтастыққа біріктіретін күш. Халықтың рухы күшті болған сайын, оның мемлекеттілігінің де болашағы зор. Бұл - тарихтың және тағдырымыздың басты қозғаушы күші. Тап осы

мызды отандастар етеді. Себебі біздің ортақ еліміз, ортақ отанымыз бар, ол - Тәуелсіз Қазақстан. Тарихи тағдырымыздың ортақтығын түсіну және осы таңдауды түйсіне білу - елдің барша азаматын біріктіретін ең басты негіз.

Барлық қазақстандықтар бір Отанның ұлдары мен қыздары екендігімізді, ал біздің Тәуелсіздігіміз - сан ұрпақтың орындалған арманы, халқымыздың ерен еңбегінің, ерлігінің және ерік-жігерінің жемісі екендігін әрқайсымыз түсінуге тиіспіз. Тәуелсіздік пен байырғы қазақ жерінде құрылған мемлекеттілігімізді дамыту - біздің басты құндылығымыз болып табылады.

Мұнан шығатын қорытынды, әрбір азамат, қоғам және мемлекет, халықтың, болашақ ұрпақтың алдында өз жауапкершілігін сезініп, төмендегідей қажетті әрі ұтымды шараларды қамтамасыз етуі керек:

- еліміздің барлық азаматының өз тағдырын Отаны - Қазақстан Республикасының тағдырымен бірге әрі терең тамырлас екенін сезінуі;

- бізді ыдыратуға және ынтымағымызды бұзуға бағытталған кез келген ықпалға белсенді түрде қарсы тұру;

- Республика конституциялық құрылысының, территориялық тұтастығы мен унитарлық құрылымының мызғымас беріктігін нығайту;

- ұлттық мүддеге негізделген елдің экономикалық, саяси, рухани, ақпараттық қауіпсіздігін одан әрі нығайту, басқа мемлекеттер тарапынан болатын ақпараттық тәуелділік пен басқыншылыққа немесе қысымға жол бермеу;

- елдің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту үшін республиканың барша азаматын қазақ халқының төңірегіне ұйыстыру;

- ел егемендігінің беріктігіне негізделген халықаралық әріптестік саласында ұлттық мүдде басымдығын ұстану;

- басты байлығымыз - Тәуелсіздікке, жерге, бірлік пен рухани құндылықтарға тағзым ету;

- азаматтар мен қоғам тарапынан мемлекеттілікті нығайту, Тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты қорғауға мейлінше жәрдемдесу.

«Тегі басқа - теңдігі бір» атты екінші бөлімінде мына мәселелер негізделген. Екінші басты қағидат - этникалық, болмаса басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру.

Біріміздің алдында бірімізге алдын ала артықшылық берілмейді. Бұл ұстаным біздің бірлік ғимаратымызға берік іргетас болып қаланған. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген.

Бұл қағидат әрбір Қазақстан азаматы өзінің жеке артықшылығы мен шығу тегіне қарамай, қабілетіне қарай барлық мүмкіндігін жүзеге

жедел қарсы тұрудың механизмін жетілдіруіміз қажет. Қазірдің өзінде Қазақстан Республикасының қылмыстық, әкімшілік заңнамаларында мұндай әрекеттерге нақты жауапкершілік қарастырылған. Алайда, азаматтарымыздың бауырмал сезіміне ірткі салатын әрекеттер мен көзқарастардың орын алуы мен қарапайым құқық бұзушылық немесе қылмыстық әрекеттердің салдарынан алауыздық ұшқынының тұтануының алдын алатын салмақты әрі сарапталған шараларды жедел әрі жүйелі ұйымдастырудың тетіктері әлі де жоқтың қасы. Осы орайда, ойламаған жерден орын алып, ұлтаралық татулықты бұзатын, ұлттық бірлікке нұқсан келтіретін әрекеттерге нақты жауап беруге қауқарлы кешенді шаралар ойластырылуы керек деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері елімізде қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қалыптастыруда, ұлттық бірлікті нығайтуда демократиялық әдістерді, еріктілік, теңдік әділдік принциптерін қолдануға және адам құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақтауға әрі қорғауға негізделген деген тұжырымға келеміз. Демек, Конституция еліміздегі этносаралық татулық пен қоғамдық тұрақтылықтың және ұлттық бірліктің берік негізі әрі кепілі болып табылады.

II. «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Еліміздегі этносаралық қатынастарды құқықтық тұрғыдан «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы N 70 Заңы реттейді.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Заң бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының құқықтық мәртебесі былай анықталған.

1. «Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі — Ассамблея) — заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

2. Ассамблея өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл

аумағында жүзеге асырады.

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдері жанындағы заңды тұлға құрылмай, қызметін Ассамблея үйлестіретін мекемелер».

Заң бойынша ассамблея екі сатыдан: республикалық - Қазақстан халқы Ассамблеясы және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдері жанындағы Ассамблеяларынан тұрады.

Заңда Ассамблеяның мақсаты былай белгіленген: «Ассамблеяның мақсаты - қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады».

Заңның 4-бабында Ассамблеяның негізгі міндеттері анықталған:

1) этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3) қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4) азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5) Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6) Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Кез келген заңның немесе қызметтің өз принциптері болады. Ал ассамблея қызметінің принциптері заңның 5-бабында бекітілген:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;

тағдырын өзі таңдау құқы; екіншісі - елдің барлық азаматтары үшін жасалатын тең мүмкіндік.

Халықтың даналығы, кеңдігі мен сыйластығы этникалық тегіне, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамай жаңа мемлекеттің барша азаматының ұйысуына негіз болды.

Тәуелсіздік орнығуының ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен елдің Тұңғыш Президенті - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қайраткерлігі нәтижесінде Қазақстанда этносаралық жанжал мен қоғамның бөлінуіне жол берілген жоқ.

Сол жылдары, кеңестік дәуірден қалған дағдарыстан өту, жаңа экономикалық және саяси қатынастарды қалыптастыру жағдайында, қоғамды ұйыстыру ісі: ішкі саяси тұрақтылық, азаматтық татулық және этносаралық келісім қағидалары негізінде жүзеге асқан еді.

Содан бері Қазақстанның жетістігіне айналған қоғамдық келісіміміз елдің нәтижелі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуының кепілі және негізі болып табылды.

Жаһандану ықпалы артты. Қазақстан әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі ғана болып қалған жоқ, ол түрлі геосаяси мүдделердің нысанына да айналды. Жаңа ғасырдың екінші онжылдығында елдің алдында инновациялық-өндірістік дамуға өту жөнінде жаңа әлеуметтік-экономикалық міндеттер тұр.

Осының барлығы, жаңарған қоғамнан, өзгерген әлем алдында өзінің бірлігін терең сезінген жаңа типтегі ұйысуды талап етеді.

Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ел Бірлігі жету болып табылады.

Доктринада осыларды негізге ала отырып, Қазақстанның Ел Бірлігінің төмендегідей қағидаттары жария етіледі.

Бұл мәселеге Доктринаның «Бір ел - бір тағдыр» атты бірінші бөлімі арналады.

Ел бірлігін негіздейтін бірінші қағидат - әр азаматтың өзінің ортақ тағдыры мен Отанының - Қазақстан Республикасының - ортақ екенін ұғыну.

Біздің ұлттық бірлігіміз, этникалық шығу тегіне қарамастан, әрбір адамның жоғары деңгейде Қазақстанмен және оның болашағымен етене бірігуіне негізделген.

Қандай да бір елдің азаматы болу - әр адамның тағдыры. Алайда, адамдар әрқашан таңдау құқығына ие - ал біз өз таңдауымызды жасадық. Біздің таңдауымыз терең дара сипатта, осы таңдау - біздің барлығы-

на бүкіл Қазақстан халқы кіргізіліп отыр. Сондықтан ұлттың тағдырына бүкіл халықтың тағдырына мемлекет жауапты. Мемлекет осы жауапкершілікті терең сезінеді;

- Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей байырғы қазақ жерінде ұлттық мемлекеттілік құру мен нығайту және де басқа қағидағтарды негізге ала отырып, қоғам мен ұлтқа Қазақстанның Ел бірлігі Доктринасы ұсынылады. Бұл ұғымда Доктринаның мемлекеттің Конституциясына, Конституциялық заңдарына және жай заңдарына негізінде жасалғандығы атап өтілген. Сондай-ақ осында Қазақстан аумағының «байырғы қазақ жері» екендігі де көрініс тапқан. Себебі осы аумақтың негізгі иесі қазақ халқы. Сонымен қатар осы ұғымда Қазақстан Республикасының «ұлттық мемлекеттілік» сипаты да ашық айтылған. Себебі Қазақ халқы тек байырғы халық емес, ол мемлекет құраушы халық, сондай-ақ мемлекеттегі саны жағынан ең басым (65 %) халық екендігі баршаға белгілі. Оны басқа этнос өкілдері толығымен мойындайды.

Осы кіріспенің өзінде-ақ Доктринаның біреулердің байбалаң салып жүргеніндей қазақ ұлтына қарсы құжат емес, керісінше қазақтардың мүддесі үшін жасалған құжат екені айқын көрініп тұр. Доктрина «Кіріспе», «Жалпы ережелер», «Бір ел - бір тағдыр», «Тегі басқа - теңдігі бір», «Ұлт рухының дамуы», «Қорытынды ережелер» деген бөліктерден тұрады.

«Жалпы ережелер» бөлімінде Қазақстан Республикасы қазақ халқының сан ғасырлық мемлекеттілігінің құқықтық, тарихи жалғыз дара мұрагері және оның саяси, мемлекеттік құрылымының табиғи жалғасы болып табылатындығы, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттілігін күшейту жолындағы барлық шараларды атқаратындығы көрсетілген.

Осында еліміздің тарихына және оның көпэтносты мемлекет болып қалыптасуына назар аударылған. Ел тарихы - көптеген қайғылы оқиғалардың куәгері. Халықтың өмірі, оның тілі мен мәдениеті жойылудың алдында тұрған да кездер болған. Қазақ халқы аса ауыр сынақтан өтіп, жай ғана аман қалған жоқ, мемлекетін де құрды, тәуелсіздігін де алды.

1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияда және 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда егеменді ұлттың әрі қарай ұйысуының негіздерін айқындаған екі қағида жария етілді: біріншіден- Қазақстан мемлекетін құрудың алғышарты болып табылатын қазақ халқының өз

2) халық пен мемлекет мүдделерінің басымдылығы;

3) нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген қатынасына, нанымдарына немесе кез келген өзге де жағдайларына қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

4) Ассамблея мүшелерінің тең құқылығы және оның құрамындағы қызметі үшін дербес жауапкершілігі;

5) жариялылық болып табылады.

Сондай-ақ, заңның 6-бабы Ассамблея қызметінің негізгі бағыттарын белгілеп берген:

1) мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

2) қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу;

3) мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

4) этносаралық саладағы өңірлік саясатты жетілдіру;

5) демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

6) елде және шет елдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау;

7) этносаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған ағартушылық және баспа қызметін жүзеге асыру;

8) этносаралық қатынастар жай-күйінің, оның ішінде мемлекеттік тіл мен Қазақстан халқының басқа да тілдерін қолдану саласында мониторингті жүзеге асыру;

9) мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жасауға қатысу;

10) шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланыстарын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету;

11) этносаралық қатынастар саласындағы келіспеушіліктер мен дауларды реттеу, қақтығысты жағдайларды болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу және практикалық шараларды іске асыру және оларды шешуге қатысу;

12) этномәдени қоғамдық бірлестіктерге әдістемелік, ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету;

13) этносаралық қатынастар мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің диалогын қамтамасыз ететін се-

минарлар, конференциялар өткізу, өзге де іс-шараларды жүзеге асыру;

14) этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

15) Қазақстанның басқа да этностарына өздерінің тарихи отанымен байланысын дамытуға жәрдемдесу;

16) этносаралық келісімге жәрдемдесетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы болып та табылады. Қазақстан Республикасының Президенті:

1) Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады;

2) Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды;

3) Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Ассамблея Сессиясын шақырады;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі. Тұңғыш Президент ретінде қазіргі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтылып отыр. Оның Қазақстанға және еліміздегі этникааралық қатынастарды шешудегі қосқан үлесі үшін оған Тұңғыш Президентіне Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі екендігі заңда арнайы бекітілген.

Заң Ассамблеяның құрылымы және басқару органдарын да белгілеп берген.

Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Аппараты (Хатшылығы), облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды.

Заң бойынша Ассамблея Сессиясының мынадай құзыреттері бар. Ассамблея Сессиясы — Ассамблея мүшелерінің жиналысы (бұдан әрі — Сессия) Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады. Кезекті Сессияны шақыру туралы өкім кезекті Сессияның өткізілетін күні, орны және күн

орын берді. Осы орайда Доктринада берілген: «Ел бірлігі деп этносты қоғамдастықтардың біртұтас мемлекет құрамында өмір сүру бүтіндігі, ел азаматтарының өзін Қазақстан Республикасымен, қалыптасқан құндылықтар және мұраттар жүйесімен сәйкестендіруінің жоғарғы деңгейі түсініледі» деген тұжырым өте орынды айтылған. Доктрина этностық, нәсілдік, тілдік, діндік, әлеуметтік теңсіздіктерге ешқандай жол бермейді, керісінше мұндай шектеулерге тиым салады. Осы жолдардағы қайшылықтардың бәрі де бейбіт жолмен шешілді деп көрсетілген.

Доктрина негізінде Елбасы Жолдауында жарияланған халықтың ең басты құндылығы ретінде Тәуелсіздік идеясы қаланған. Бұл ретте құжатта «...ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ел бірлігіне жету болып табылады», деп нақты көрсетілген. Бұдан әрі «Доктринаның қажеттілігі өмірдің өзінен, біздің жалпы тағдырымыздан, тарих логикасынан туындап отыр. Өйткені бірліксіз — Ұлт жоқ. Ұлтсыз — мемлекет жоқ. Ал, мемлекетсіз — болашақ жоқ», делінеді. Құжат жалпы ережелер мен үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

«Ел бірлігі Доктринасын» тарихи, саяси-құқықтық тұрғыдан талдап көрейік.

Доктринаның преамбуласында (кіріспе) былай деп жазылған. «Қазақстанның барша азаматына тең мүмкіндіктер мен лайықты тіршілік жағдайын туғызуға ұмтылу, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын мойындау, ұлт тағдырына жауапкершілікті сезіну, Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей байырғы қазақ жерінде ұлттық мемлекеттілік құру мен нығайту және де басқа қағидаттарды негізге ала отырып, қоғам мен ұлтқа Қазақстанның Ел бірлігі Доктринасы ұсынылады»

Осы кіріспеде Доктринаның мынандай мақсаттары көрсетілген:

- Қазақстанның барша азаматына тең мүмкіндіктер мен лайықты тіршілік жағдайын туғызуға ұмтылу. Бұл жерде азаматтардың ұлты, жынысы, жасы, діні, ділі туралы айтылмай барлық азаматтардың теңдігі негізінде оларға лайықты өмір сүруге қол жеткізу үшін мемлекеттің ұмтылатындығы көрсетілген;

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын мойындау. Конституцияда халықаралық құқықтық ұлттық құқықтан жоғары тұратындығы көрсетілген. Халықаралық актілерде көрсетілген адам құқықтарының Қазақстан мойындайды және өз заңнамасын бұларға сәйкестендіреді;

- ұлт тағдырына жауапкершілікті сезіну. Бұл жерде ұлт ұғымы-

өз пайымдауларымызды айтып көрейік.

Біршама басылымдарда Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы «Қазақстандық ұлт» деген ұғымды қалыптастыруда деп реніш білдіруде. Бірақ доктринада «Қазақстандық ұлты» деген ұғым жоқ, оны қалыптастыру туралы талап та жоқ.

«Қазақстан ұлты» деп елімізді мекендеп жатқан 140 этносты бір ұлтқа біріктіруді айтуға болады. Бұл, әрине, мүмкін емес. Ешқандай этнос соның ішінде қазақ этносы да мұндай ақылға сыймайтын ұғымды қолдамайды. Қазақстанды АҚШ-пен салыстыруға болмайды. АҚШ-та американ ұлты қалыптасты. Американың өзі алғашында Англияның отары болды. Америкаға Еуропадан барған ақ нәсілділер дербес мемлекет құру үшін Англияға қарсы тәуелсіздік соғысын ашып, 1776 жылы жеңіске жетіп, АҚШ-ты құрды. 1787 жылы әлемдегі тұңғыш АҚШ Конституциясы қабылданды. Сонымен қатар олар жергілікті халық үндістерді қырып жойды. Жүзден аса этнос өкілдерінен тұратын АҚШ тұрғындары өздерін кім, қандай ұлт деп атамақ еді? Тіл ағылшын болғанымен олар өздерін ағылшын ұлты деп атай алмас еді. Себебі нағыз ағылшындар Англияда тұрады. Олар өздерін жаңа ұлт – американ ұлты ретінде орнықтырды. АҚШ-тағы ақ нәсіл, қара нәсіл, сары нәсіл барлығы да өздерін бір ұлт, американ ұлты деп санайды. Бүгінде американ ұлты үшін адамның нәсілі, терісінің ақ немесе қара түсті екені маңызды емес. Маңыздысы американ ұлты екендігі. Мұның дәлелі қара нәсілді Барак Обаманың АҚШ президенті болып сайлануы.

Ал Қазақстандағы жағдай мүлде бөлек. Қазақ жерінің иесі, байырғы ұлт – қазақтар үндістер құсап жоқ болып кеткен жоқ. Керісінше қазір қазақтар бүкіл халықтың 67 %-ін құрап отыр. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Мемлекет те қазақтың атауымен аталады.

Осының бәріде «қазақстандық ұлт» деген бұлдыр ұғымның жүзеге аспайтын нәрсе екендігін көрсетеді. Көп этносты елімізде «Қазақстан ұлты» деген ұғым жоқ. Елімізде Конституцияда және Доктринада көрсетілгендей «Қазақстан халқы» бар. Қазақтар болса негізгі мемлекет құрушы ұлт. Ата Заңымызда көрсетілгендей қазақтар Қазақстан жерінің негізгі иесі, бұйрығы халқы. Қазақстан ең алдымен қазақтардың этникалық территориясы. Осы ұлан-асыр территорияны сыртқы жаулардан қорғау мен сақтау жолында қазақ ұлтының жүздеген ұрпаққа созылған ата-бабалары қанын төгіп, жанын берді. Бүгінде Президент Н.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстанның мемлекеттік шекарасы толық бекітіліп, халықаралық шарттар арқылы заңдастырылды. Елімізде тұрып жатқан барлық этностар Қазақстанның қазақ ұлтының мемлекеті екендігін анық сезінеді және оны құрметтейді деп айта аламыз. Қазақ ұлты барлық этностарды өзімен тең санап, оларға төрінен

тәртібі көрсетіліп, ол басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей қабылданады, бұл туралы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.

Кезектен тыс Сессия Ассамблея Төрағасының, Ассамблея Кеңесінің бастамасы бойынша немесе Ассамблея мүшелері жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырылады және оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде өткізіледі.

Сессияның ерекше құқығы:

1) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің тоғыз депутатын сайлау;

2) Ассамблеяның орта мерзімдік перспективаға арналған стратегиясын айқындауға тұжырымдамалық ұстанымдарды әзірлеу және оларды Ассамблея Төрағасының қарауына енгізу;

3) Ассамблеяның жұмыс жоспарын және Ассамблеяның орта мерзімдік перспективаға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі іс-шараларды бекіту;

4) Ассамблея мүшелерінің есептерін тыңдау;

5) жалпы мемлекеттік маңызы бар этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелері бойынша азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің өтініштерін қарау болып табылады;

Егер Ассамблея жұмысына оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса Сессия заңды болып есептеледі;

Сессияның шешімі, егер оған қатысып отырған Ассамблея мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру тәртібі мен нысанын Сессия айқындайды.

Сессияның шешімін Ассамблеяның Төрағасы бекітеді. Ассамблея Сессиясының шешімдеріндегі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға жіберілген мемлекеттік ұлттық саясат жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстар міндетті түрде қарауға жатады.

Сессияның жұмысы Сессия шешімімен бекітілетін регламентпен реттеледі.

Ассамблеяның Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің тоғыз депутатын сайлауы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен реттеледі.

Сессиялар аралығындағы кезеңде Ассамблеяны басқаруды Қа-

зақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылатын Ассамблея Кеңесі (бұдан әрі — Кеңес) жүзеге асырады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Кеңес Ассамблеяның құрамына кіретін этномәдени бірлестіктердің өкілдері, облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеялары, мемлекеттік органдар басшылары арасынан қалыптастырылатын алқалы орган болып табылады. Кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Ассамблеяның басқа да мүшелері енгізілуі мүмкін.

Кеңестің отырыстарын Кеңестің Төрағасы немесе Ассамблея Төрағасымен келісім бойынша Ассамблея Төрағасының орынбасарлары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылдықта кемінде бір рет шақырады.

Кеңестің өкілеттіктеріне:

- 1) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына Ассамблея сайлайтын кандидаттарды ұсыну;
- 2) Ассамблея мүшелігіне кандидатураларды қарау;
- 3) Қазақстан Республикасының Президентіне кезекті Сессияны шақыру және оның күн тәртібі туралы ұсыныстар енгізу;
- 4) Ассамблея Аппаратының (Хатшылығының) жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізу;
- 5) Сессияның ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де шешімдер қабылдау жатады.

Егер Кеңестің жұмысына оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып есептеледі.

Кеңестің шешімі, егер отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі оны жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Ассамблея Аппараты (Хатшылығы) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрамына кіретін, қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелетін Ассамблеяның жұмыс органы болып табылады.

Аппаратты (Хатшылықты) сонымен бір мезгілде Ассамблея Төрағасының орынбасары болып табылатын Аппарат (Хатшылық) меңгерушісі басқарады.

Сессияның, Кеңестің шешімдері және Ассамблея Төрағасының тапсырмалары Аппараттың (Хатшылықтың) орындауы үшін міндетті

Доктринада қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейту мәселесіне ерекше назар аударылды: «Мемлекеттік тілді меңгеру – әркімнің парызы мен міндеті, жеке бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге атсалысудағы белсенділігін айқындайтын ұмтылысы мен ынталануына айналуы қажет. Бұл шешуші басымдық – рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы» ретінде нақтыланды.

«Ел бірлігі» доктринасы – халыққа уақыт талабын ұғындырудың, қоғамдық бірігу қажеттілігін түсіндіру құралы, болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні болды. Доктринаның қажеттілігі өмірдің өзінен, біздің жалпы тағдырымыздан, тарих логикасынан туындап отыр. Өйткені, бірліксіз – ұлт, ұлтсыз – мемлекет, мемлекетсіз болашақ жоқ. Осы мәселелерді негізге ала отырып, Қазақстанның Ел бірлігін қабылдау туралы шешім қабылданды.

2009 жылдың 25 қарашасында Алматы қаласы, Ұлттық баспасөз клубында «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы Мұхтар Шаханов бастаған бір топ қайраткерлері мен ҰЕҰ-дар жетекшілері баспасөз мәслихатын өткізді. Негізін «Американдық ұлттан» алатын «Ел бірлігі» («Қазақстандық ұлт») Доктринасы туралы «мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы Мұхтар Шахановтың мәлімдемесіне бір топ оппозициялық саяси партия өкілдері, жазушылар, ақындар мен ғалымдар қол қойды.

Олардың үндеуі бірнеше газеттер мен ғаламторда басылды. Онда бастауын «американдық ұлттан» алатын, бірақ біздің айқайымыздан кейін аты «ел бірлігі» боп көзбояушылықпен өзгертілген «қазақстандық ұлтқа», яғни Қазақстан халқы Ассамблеясы талқылауға ұсынған «Ел бірлігі» доктринасына бұлтартпас дәлелдер арқылы қарсылық білдіргенбіз. Бірақ билік осыншама халықтың қарсылығына құлақ аспай, доктринаны жедел түрде қабылдатып жіберуге күш салуда. Ал доктрина қабылданған сәттен бастап, Америкадағы сияқты бәріміз бір ұлт боп ұйысамыз. Қазақ ұлты республикамыздағы көп этностың біріне айналады. Ұлтқа бөлектену, оның қасиетін, тарихын ардақтау деген мүлде болмайды. «Үш тұғырлы тіл» аясындағы орыс тілі мен ағылшын тілі алға шығады да қазақ тілі бірте-бірте қимыл-қозғалысын тоқтатады. Доктринадағы «мемлекеттік тілді дамытамыз» деген сөздер жұртшылықты алдарқату үшін ендірілген. Себебі «американдық ұлт» идеясы мүлде басқа мақсатты көздейді. Біздің халықтарымыздың мүддесіне кереғар бұл идеядағы ұлт мәселесі әркімнің жеке шаруасына айналады. Егер сол тұста «мен қазақпын», «мен орыспын», «мен ұйғырмын» десеңіз жауапқа тартылуыңыз ғажап емес» деген Доктринада айтылмаған, бірақ, оларды Доктринада жазылды деп байбалам салынған пікірлер айтылды. Енді осы мәлімдемені қолдауға байланысты айтылған пікірлер туралы

кратия негіздері, азаматтық қоғам институттары сияқты маңызды күре-тамырлары қалыптасты. Қазақстан Конституциясы, Қазақстан-2030 даму стратегиясы, бірқатар концепциялық құжаттар мен стратегиялық бағыттар, Ассамблея туралы заң елдің болашаққа бастар жолын айқындады. Осы бағытта әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалған, этностық ерекшелігіне қарамастан, барша азаматтарды қазақ халқының төңірегіне ұйыстыра отырып, ел бірлігін әрі қарай дамытатын құжат қабылдау – заңды құбылыс.

«Ел бірлігі» ұғымы байырғы қазақ жерінің дәстүрлі «Ел» атауы мен Қазақстанда тұратын барлық азаматтардың өзара ажырамас тарихи байланысының мәнін ашатын «бірлік» сөздерінен тұрады. Аталған сөздерді тіркестіре қолданғанда қазақ халқының ғасырлық үміт-арманы – Тәуелсіз мемлекет құру, біртұтас халқын қалыптастыру идеясын аңғартады.

Доктрина – болашақ дамуға бағытталған әрекеттің жетекшілікке алынатын теориялық және саяси ұстанымын білдіретін мемлекеттік маңызды құжат. Доктрина мемлекеттік егемендік туралы Декларациясынан, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы конституциялық заңнан, Қазақстан Республикасының Конституциясынан, сондай-ақ «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасынан бастау алып, 2020 жылға дейінгі мемлекеттік ұлт саясатының бағыт-бағдарларын айқындайды.

Доктрина халықаралық тәжірибені терең талдай отырып, қазақстандық шынайылық негізінде дүниеге келді. Өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, өзге елдердің озығынан өнеге алған Қазақстан өз Доктринасында еліміздің стратегиялық таңдауын нақтылаған. Елдің, дамудың жаңа сатыға көтерілуіне, өтпелі қоғамның құбылыстарына төтеп беретін басты күш – ұлттық рух екендігін өзге мемлекеттер тәжірибесі дәлелдеді. Қоғамдық келісім, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, интеллектуалдық жасампаз қоғам және бүкіл әлемде құрметтелетін мемлекет құруда «Ел бірлігі» доктринасы еліміздің іргетасы, Отанымыздың табысты дамуының негізі.

Құрамына мемлекеттік орган, қоғамдық ұйымдар, зиялы қауым және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін тарта отырып, 2009 жылдың 20 қаңтарында Доктрина жобасын пысықтаумен айналысатын қоғамдық комиссия құрылды.

Комиссия жанынан құрылған арнайы жұмыс тобы республиканың түкпір-түкпірінен жиналған мыңдаған ұсыныстар, жобалар мен ұсынымдар қарастырды. Өзірленіп жатқан Доктрина жобасының Конституция мен нақты заңнамалық құжаттарға сәйкестігі мұқият сарапталды.

болып табылады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары өз қызметін жүзеге асыру кезінде Ассамблеяның алдында есеп береді және жауапты болады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімдері лауазымы бойынша облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеяларының төрағалары болып табылады.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясының ұйымдық құрылымын онда өңірлердің ұлттық, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық мүдделерін білдіру қажеттігін ескере отырып, Ассамблея Аппаратымен (Хатшылығымен) келісім бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясының төрағасы айқындайды.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясының жоғары басшы органы сессия болып табылады.

Ассамблея төрағасы құратын және басшылық ететін облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясының кеңесі сессиялар аралығындағы басқаруды жүзеге асыратын алқалы орган болып табылады.

Әкім аппаратының құрылымына кіретін аппарат (хатшылық) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясының жұмыс органы болып табылады.

Аппарат (хатшылық) меңгерушісі өз мәртебесі бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясы төрағасының орынбасары болып табылады, оны тиісті әкім қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары:

Ассамблеяның және оның Кеңесінің шешімдерін, Ассамблея Төрағасының өз шешімдері мен тапсырмаларын орындайды; Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттыққа Ассамблея сайлайтын кандидаттарды ұсыну жөнінде ұсыныстар әзірлейді, олар Ассамблея Кеңесіне жіберіледі; өңірдегі этносаралық қатынастардың жай-күйі және оларды нығайту перспективалары туралы ақпарат жинауды және Ассамблеяға ұсынуды тұрақты негізде жүзеге асырады; жергілікті мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, этномәдени және этносаралық қатынастар саласында өз қызметін жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды.

Ассамблеяның және облыстар (республикалық маңызы бар

қала, астана) ассамблеяларының құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарының — этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерінің, мемлекеттік органдар өкілдерінің және олардың қоғамдағы беделі ескеріле отырып, өзге де адамдардың қатарынан қалыптастырылады.

Ассамблеяға мүшелікке кандидатуралар:

1) облыстардың этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктерінің ұсыныстары негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары сессияларының шешімі;

2) республикалық, өңірлік этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдарының шешімі бойынша ұсынылады.

Ассамблеяға мүшелікке ұсынылатын барлық кандидатуралар Ассамблея Кеңесінің отырысында қаралады және оларды Ассамблея Төрағасының орынбасарлары Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады.

Қазақстан Республикасының Президенті ұсынылған кандидатураларды қабылдамауға және Ассамблеяның құрамына өз қалауы бойынша өзге де адамдарды кіргізуге құқылы.

Этномәдени қоғамдық бірлестіктерден облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясына мүшелікке кандидаттар олардың жоғары басшы органдарының шешімімен ұсынылады және тиісті аппаратқа (хатшылыққа) енгізіледі.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясына мүшелікке барлық кандидаттар кеңестің отырысында, ал кейіннен тиісті ассамблея сессиясында қаралады және оның төрағасының бекітуіне ұсынылады. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеясы төрағасының шешімі бойынша тиісті ассамблея мүшесінің өкілеттігі осы Заңға сәйкес тоқтатылуы мүмкін.

Ассамблея, облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) ассамблеялары, Ассамблеяның құрамына кіретін этномәдени қоғамдық бірлестіктер ұйымдастыратын Қазақстандағы этносаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржыландырылады.

Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы туралы Ереженің кейбір жақтарына тоқтала кетейік. Ережені Облыс әкімінің аппарат басшысы бекіткен.

Оның функциялары:

- облыстық ассамблеяның қызметін ақпараттық-сараптамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді, оның ішінде облыстық ассамблея төрағасының қатысуымен іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету;

- өңірдегі этносаралық қатынастардың жай-күйі және оларды нығайту перспективалары туралы ақпарат жинау және Ассамблеяға ұсыну жөніндегі күзіретін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, этносаралық толеранттылық, қоғамдық келісім және тұрақтылықты, ел бірлігін, қазақстандық азаматтық бірегейлік пен отансүйгіштікті нығайту;

- Ассамблея құзыреті шегінде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту, Қазақстанның мәдени-тілдік әралуандығын сақтау;

- этносаралық қатынастар саласында келіспеушіліктер мен жанжалдарды реттеу, даулы жағдайға жол бермеу жөнінде нақты шараларды іске асыру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдауды және оларды шешуге қатысуды қамтамасыз ету бойынша қарым-қатынас жасау;

- облыстағы этносаралық қатынастарды болжау, оның жай-күйі және оны нығайтудың перспективалары туралы ақпаратты жинау, жүйелеу, мониторинг жүргізу, талдау және қорыту;

- этносаралық келісімге бағытталған семинарлар, конференциялар өткізу, ағартушылық және баспа қызметін ұйымдастыру, өзге де іс-шараларды жүзеге асыру, этномәдени қоғамдық бірлестіктерге әдістемелік, ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету.

III. ЕЛ БІРЛІГІ ДОКТРИНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2008 жылғы 23 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін қатыстыра отырып Ел бірлігі доктринасын әзірлеуге тапсырма берген болатын. Елбасы өз сөзінде аталған құжатты мұқият талқылауды, қоғамдық сараптау жүргізуді және оны жетілдіру үшін арнайы жұмыс комиссиясын құруды тапсырған еді. Доктринаның алғашқы нұсқасы 2009 жылдың қазан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында талқыланды.

Доктринаның бірінші жобасына деген қоғамдық қызығушылық туып, соның нәтижесінде арнайы құрылған жұмыс тобына азаматтардың 500-ден аса ұсыныстар түсті.

Тәуелсіздік жылдары мемлекет іргесі бекіді, қоғамның демо-